

**Шуриева Айслу Бауржановнаның  
8D02304 – Филология білім беру бағдарламасы бойынша  
философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған  
«Еуразия кеңістігіндегі ақыздар мен әпсаналар» тақырыбындағы  
диссертациялық жұмысына отандық кеңесшінің**

**ПІКІРІ**

Фольклортану ғылымы синкреттілік сипатымен ғана емес, сонымен бірге бүкіл әлем халықтарына тән ғылым саласы болуымен ерекшеленеді. Ол ерекшелік әсіресе жаһандану дәүірінде айрықша сезіліп отыр. Шуриева Айслудың коргауға ұсынып отырған диссертацияның тақырыбының «Еуразия кеңістігіндегі топонимдік ақыздар мен әпсаналар» аталуының басты себебі осында.

Топонимдік ақыздар мен әпсаналар қазақстандық ғылыми тәжірибе негізінде соңғы жылдары ғылыми айналымға енген «Топонимдік фольклор» жанрының құрамдас бөлімдері. Осы жағынан алғанда бұл тақырып жаңа және диссертабелді тақырып болып саналады.

Диссидент Еуразия кеңістігінде орналасқан бес елді, атап айтқанда Ұлыбритания, Германия, Армения, Әзіrbайжан және Қазақстанды таңдал алған. Бұлай таңдау жасағандары мақсаты ақыздар мен әпсаналардың әр территориялық аймақтарда қолдану ерекшелігін анықтау мәселесіне байланысты екендігі байқалады. Еуразия кеңістігінде ғұмыр кешетін халықтарға тиесілі ақыз, әпсаналарды түгелдей қамту мүмкін емес, оны диссертация көлемі де көтере алмайды. Сол себепті Еуразия кеңістігіндегі осы елдер таңдауға түскен. Оның себебі, мәселен Ұлыбританияны алатын болсақ бұл елде крест жорығы, Викингтердің қымыл-әрекеттері негізінде көптеген ақыздар мен әпсаналар сақталған. Германияда Нibelungтар жыры арқылы тараған, Арменияда Аарат тауы және жекелеген тарихи нысандарға байланысты ақыздар мен әпсаналар бар. Ал, Әзіrbайжан елінің ландшафт, табигат бедеріне қатысты ақыздары мен әпсаналары Қазақстанның географиялық атауларына ұқсас келіп жатады. Міне, осы жайттерді салыстыра зерттеу докторанттың басты міндеті болып саналғандай.

Диссертацияның бірінші болімі «Еуразия кеңістігіндегі топонимдік ақыздар мен әпсаналарды зерттеудің теориялық негіздері» деп аталады. Бұл бөлімде диссидент топонимдік ақыздар мен әпсаналарды талдауға негіз болатын ұғымдарды қарастырады. Топонимдік ақыздарды Еуразия халықтарының фольклорлық мұрасының маңызды бөлігі деп танып, ол ақыздардың шығу ерекшеліктерін анықтауға ерекше назар аударады. Еуразиялық кеңістіктегі топонимдік фольклордың қалыптасуына ықпал еткен алғышарттарды анықтайды. Табигат құбыластырының, өнірде болып өткен тарихи оқигалардың, әртүрлі жорықтар мен жаугершілік соғыстардың, халықтар миграциясының, басқа да көші-қон мәселелерінің топонимдік ақыздар мен әпсаналардың дамуына әсерін талдайды.

Жұмыстың екінші бөлімі «Еуразия кеңістігіндегі топонимдік ақыздар мен әпсаналардың поэтикасы» деп аталған. Жалпы, диссертацияның көздеғен мақсаты осы топонимдік ақыздар мен әпсаналардың поэтикасын зерттеу. Оның сюжеттік негіздері мен орындалу ерекшелігін, таралу ареалын кеңінен ашып көрсету. Топонимдік ақыздардың танымдық мәнін, топонимдік әпсаналарда көрініс беретін ғажайыптылық сипаттарды анықтау, зерделеу. Докторант осы үддеден шығып, Ұлыбритания, Германия, Армения, Әзіrbайжан және Қазақстан сияқты Еуразияның әртүрлі елдерінің топонимдік ақыздары мен әпсаналарына салыстырмалы талдау жүргізеді. Бұл елдердегі жер-суға байланысты халықтық шығармашылықтарға талдау жүргізе отырып, топонимдік сюжеттердің жалпы және ерекше белгілері, олардың мәдени және тарихи маңызын зерттейді.

Еуразия халықтарының топонимдік ақыздары мен әпсаналарының қалыптасуы, оған мифтің қатысы, сондай-ақ бұл шығармашылықтардың халық арасындағы таралу ареалы мен орындалу ерекшеліктері туралы өз пайымдауларын жасайды.

Диссертацияда топонимдік ақыздар мен әпсаналарды Еуразия халықтарының рухани-мәдени мұрасының маңызды бөлігі ретінде қарастыру, Еуразия кеңістігінде өмір сүретін халықтардың фольклор арқылы көрініс беретін ұлттық танымдары, өзіндік менталитеті, этнопсихологиялық ерекшеліктері, қоршаган ортага, табигат құбылыстарына көзқарасы орынды пайымдалған.

Сонымен қатар, Еуразия кеңістігі халықтарының ақыз әпсаналарын бір-бірімен салыстыра отырып талдау жасау зерттеу жұмысының ұтымды жағы деп айтуға болады.

Корыта келе, диссиденттың жұмысты орындау барысында көп еңбектенгенін, көптеген әдебиеттерді қарастырганың, сынни тұрғыдағы өзіндік ой корытындыларын жасай білгендейгін айта келіп, диссертация қойылар талаптарға сай орындалған деп білемін. Сондықтан, диссидент А.Б. Шуриеваның 8D02304 – Филология білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «Еуразия кеңістігіндегі ақыздар мен әпсаналар» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы толық аяқталған еңбек ретінде қорғауга ұсынуға болады деп есептеймін.

**Отандық ғылыми кеңесші,**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе

өнірлік университетінің профессоры

филология ғылымдарының докторы А.Ш. Пангерев

